

Н.Т. ЖҰРТБАЙ

→ азым

ҚАЗАҚСТАН
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ
АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТИЛЕР
ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ БАСПАСӨЗ



Алматы 2016

СНТТӨБД 10У 13898-00001

ӘОЖ
КБЖ
Ж - 82

070:504 (574)
7601 (5 Қаз)
Ж - 82

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің Ғылыми кеңесінде баспаға ұсынылды

Ғылыми жетекші:

Ибыраева Ғ.Ж. саясаттану ғылымының докторы, профессор.

Пікір жазғандар:

фиология ғылымдарының докторы, профессор
фиология ғылымдарының докторы, профессор

Монография емес.

Жұртбай Н.Т.

Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары экологиялық мәселелер туралы: аймақтық аспектілер және аймақтық баспасөз. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 298 б.

ISBN — ?

Монографияда – қазақ баспасөзіндегі экологиялық тақырыптың қалыптасуы мен даму жолы, тарихи кезеңдері, экологиялық қоғамдық қозғалыстар мен үкіметтік емес бейресми ұйымдар көтерген баспасөздегі жарияланымдардың қоғамға ықпалы, Тәуелсіз Қазақстан баспасөзіндегі экологиялық тақырыптың аймақтық ерекшеліктері мен аспектілері қарастырылған.

Мамандарға және студенттерге арнайы курс пәні бойынша қосымша құрал ретінде ұсынылады.

070:504 (574) ӘОЖ
7601 (5 Қаз) КБЖ

ISBN

© Жұртбай Н.Т., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Еңбекте қазақстандық баспасөздегі экология тақырыбының пайда болуы мен даму жолына қысқаша шолу жасалады, сол арқылы бүгінгі экологиялық күйзелісті жағдайды қалыптастырған әр түрлі тарихи кезеңдердегі баспасөздің ұстанымдары, жағымды, не жағымсыз әсері ашып көрсетіледі, олардың белсенді не селкостық танытқан тұстарына баға беріледі. Сонымен қатар бүгінгі қордаланған экологиялық мәселелерді қамтыған жарияланымдар жинақталып, экологиялық зардаптардың туындау себебіне қарай ондағы аймақтық аспектілер анықталады. Көтерілген ортақ мәселелер тақырыптар бойынша топтастыра жүйеленіп олар өзара салыстыра сараланады. Соның барысында баспасөз материалдарының экологиялық жағдайды жақсартудағы ықпалы бағамдалады, қоғамдық көзқарасты қалыптастырудағы, экологиялық тәрбие мен мәдениетті игерудегі орыны ашып көрсетіледі. Баспасөздің бүгінгі аса өзекті экологиялық тақырыптарды қамтудағы тұрақты ұстанымы анықталады. Осы мақсатқа жету жолындағы журналистикалық шеберлік мәселелері мен тақырыптық, түрлі жанрлық, формалық, мазмұндық ерекшеліктері ашылады. Ақпаратты берудегі ең ықпалды әрі пәрменді әдіс-тәсілдерді қолданудағы ізденістер талдаланады. Нақты басылымдардағы жарияланымдардың пәрменділігі мен ықпалы арқылы жүзеге асырылған шаралардың нәтижелеріне мәтіндік-талдау жасалады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Адамзаттың тіршілікте өмір сүруі үшін ұмтылысы жолындағы қарқын мен әрекеті қадым заманнан бері қоршаған ортамен тікелей байланысты және соған тәуелді. Экономика ілімінің қалыптасқан айналым теориясы бойынша өзара үйлескен: өндіріс – өнім бөлісі – айырбас – тұтыну сияқты төрт түрлі түзімі (звено) бар. Бұл түзімдер –

табиғаттың игілігін өз қажетіне пайдалану арқылы адамзат өркениетінің өмір сүруіне, оның одан әрі дамуына және тиісті тұрмыстық сұраныстарын өтеуге мүмкіндік береді. Өкінішке орай, біз табиғатқа зиянын тигізбейтіндей мөлшерлі өнім өндіріп, өлшеммен үнемдеп тұтынуды әдетке айналдыра алмай келеміз. Бұл бір елді-мекенге, бір қалаға, бір елге ғана емес, бүкіл жер шарына ортақ көлеңкелі көрініс.

Адамның тіршілік көзіне айналған табиғи сұраныс – аса ірі өнеркәсіптік тұтыну деңгейіне көтерілген қазіргі заманда, бұл мөлшерсіз мұқтаждық, табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылуына аса зор ықпал етіп, апатқа бастайтын жолға бет бұрып барады. Сондықтан да бұл мәселенің бүкіл адамзатты ерекше алаңдататып, оны шешу үшін ауқымды шұғыл шара қолданып, ғаламдық тұжырым қабылдауды талап етіп отырғаны анық.

Әрине, әлем жұртшылығы қоршаған ортаны қорғау мәселесін жаһандық деңгейде қарастыру керектігіне кешелі-бүгін ғана назар аударған жоқ. БҰҰ құрылған кезден бастап экологиялық мәселелерге халықаралық деңгейде үнемі басты назар аударылып келеді. Оған БҰҰ бастауымен қабылданған халықаралық конвенциялар, хаттамалар дәлел. Сондықтан да, экологиялық күрделі жағдайға қатысты «жаһандық апат» деген теңеудің негізі бар және оның маңызының арта беретіні де шындық. Өйткені, қоршаған ортамен арадағы өзара байланыстың тепе-теңдігін сақтау және оны қорғау мәселесі барған сайын ушығып барады. Ол мемлекеттік, қоғамдық, билік саясаты деңгейінде қарастырылатын ықпалды да пәрменді және өзекті факторға айналды.

Бұл мәселелер – қоршаған орта мен онда өмір сүріп жатқан адамдарға тигізген зардаптары аса зор, атап айтқанда, жер бетінен жойылуы қаупі төніп тұрған Арал теңізі, деңгейі төмендеп бара жатқан Балқаш көлі, Семей сынақ полигоны, Байқоңыр космодромы, атом түйіршегін шығаратын Үлбі металлургия заводы сияқты т.б. зарары мол «қауіпті экологиялық нүктелер» орналасқан Қазақстан аймағына (әкімшілік емес, географиялық ұғымда) да тікелей қатысты.

Қоршаған ортаны қорғау барысындағы мемлекеттік саясатты жүргізуде БАҚ құралдары оның бөлінбес бір бөлшегі болып табылады. XX ғасырдың басында қазақ ұлтының рухани көсемдерінің бірі, халық «ұлт атасы» деп таныған ұлы ағартушы, алғашқы қазақ кәсіби баспасөзінің тұңғыш «бас шығарушысы»

(редакторы) А. Байтұрсынов: «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» – деп атап өткен болатын [1]. Өйткені, қоғамдағы барлық ақпараттар мен хабар-ошарлар осы баспасөз құралдары арқылы таралып, талқылауға ұсынылып, пікір қорытылады. Ал ақпарат құралдарының бұл күндегі мүмкіндігі бұрынғыдан да зор. Мерзімді басылымдардың, радио мен теледидардың, бейне бағдарламалардың, интернет жүйесінің, кинохроникалардың басын құрайтын БАҚ – қоғамдық көзқарасты қалыптастыратын ұлы күшке айналып отыр.

Адамзаттық мәні бар «төртінші билік» ретінде танылған баспасөз құралдары, соның ішінде қазақстандық баспасөз, экологиялық күрделі жағдайдың орын алуына байланысты қандай қоғамдық пікір мен көзқарасты қалыптастыруда қандай белсенділік көрсетті. Ақпараттар әлемінде салыстырмалы талдаулар, ағымдағы күрделі мәселелерді бағамдау – ғаламдық сыпат алып отырғанда, алып географиялық аймақты қамтитын Қазақстанның қазіргі баспасөздерінде экологиялық тақырып қандай деңгейде қамтылады. Сол мәселені шешуге ықпалы қандай? Міне, осындай, аса зору тақырып ретінде орын алып отырған экологиялық мәселелердің бүгінгі қазақ баспасөзіндегі қамтылу аясын ғылыми тұрғыдан саралап, талдап, тиісті нәтижелерге қорытынды жасау – баспасөздің тарихы мен теориясы үшін өзекті тақырып болып табылады.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік-теориялық маңызын да арттыра түседі. Бұған дәлел ретінде 2017 жылы Астанада өтетін «Болашақ энергиясы» атты Халықаралық мамандандырылған көрменің (ЭКСПО-2017) [2] басты тақырыбы мен мақсаты – қалыптасқан экологиялық күрделі жағдайды дүниежүзілік деңгейде шешу екенін еске салсақ та жеткілікті.

Бұл мәселерді шешудің басты жауапкершілігі аса маңызды саяси институт – мемлекеттік биліктің мойнына жүктеледі. Экология саласына қатысты пәрменді заң шығару, қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты туындайтын өзекті мәселелерді тұрақты және жан-жақты реттеп отыратын мониторингтерді ұйымдастыру, болып жатқан табиғи ауытқуларға шұғыл шара қолдану істері – мемлекеттік билік мекемелерінің басты кезек күттірмейтін міндеті болып табылады. Қазіргі кезеңде өкімет орындары өзінің табиғатты қорғау саласындағы міндеттерін сапалы әрі пәрменді орындауға бұрынғыдан да бетер мүдделі болып отыр. Би-

ліктің алдына – қоғам мүшелерін табиғат қазыналарын барынша ыждахаттылықпен игеруге бағыттайтын ұтымды жолдарды қарастыру, азаматтардың қоршаған ортаны қорғау мәселесіне барынша жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру, оларға ықпал ету міндеті қойылып отыр.

Қазіргі замандағы әлемдік экологиялық дағдарыс пен алаңдаушылықтың түпкі тамыры – қоршаған ортаға деген тұтынушылық көзқарастың белең алуында жатыр және өзін табиғаттан тыс сезінуге бейімделіп бара жатқан жас ұрпақтардың экологиялық мәдениетке немқұрайлы қарауымен тікелей байланысты. Мұндай жағымсыз «қасиеттерден» арылту барысында қалыптасқан күрделі жағдайды жоюдың пәрменін арттыруда барлық резервті пайдалану және оның тиімділігін арттыру – бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе болып отыр.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Экология мен қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің қазақстандық баспасөз бен электрондық БАҚ-та жариялану барысын зерттеу – аса маңызды қоғамдық-саяси мәнге ие тақырып. Экологиялық өзекті мәселелерді қамту аясы қазіргі таңда БАҚ жүйесінде өзге қоғамдық-саяси тақырыптардан көрі окшау тұрады және нақты мемлекет пен нақты аймаққа, жекелеген өлкелерге қатысты өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Соған қарамастан бұл тақырып өте аз зерттелген, арнайы іргелі зерттеулер жоқтың қасы. Ғылыми еңбекті жазу барысында осы саладағы іргелі еңбектердің қатарына саналатын шетелдік ғалымдардың Anders Hansen «Environment, Media and Communication» [3], «Media and the Environment» [4], Libby Lester «Media and Environment» [5], Stuart Allan, Barbara Adam, Cynthia Carter «Environmental risks and the media» [авторлық коллектив, 6], Alison Anderson «Media, Culture and the Environment» [7], «Media, Environment and the Network Society» [8]) зерттеулері негізге алынды.

Сонымен қатар, экологиялық тақырыптың баспасөзде қамтылуының құрылымдық түзіміне арнайы зерттеу жүргізген еңбектер (John Blewitt «Media, ecology and conservation : using the media to protect the world's wildlife and ecosystems» [9], Craig L. LaMay, Everette E. Dennis «Media and the environment» [10]) салыстырмалы талдауларға бағдар берді.

Экологиялық саясаттың аймақтық қызметінің аспектілері туралы зерттеу жүргізген оқымыстылардың (Jeffrey D. Sachs «The

Price of Civilization: Reawakening American Virtue and Prosperity» [11], «The End of Poverty: Economic Possibilities for Our Time» [12], Norman J. Vig және Michael E. Kraft (редакторлары) «Environmental Policy» [13]) еңбектерінің маңызы мен нәтижелері аталып өтілді.

Экологиялық журналистика теориясы бойынша жарық көрген Фридман Ш. [14], Thomas L.J. [15], О.А. Берлова, В.Б. Колесникова [16] сияқты ғалымдардың еңбектері назарға алынды. Экологиялық журналистика ілімі қарастырылған M.J. Lewis, B.M. West, M.R. Greenburg, D.B. Sachsman, R.M. Rogers [17], Л.А. Коханова [18], Л.В. Сизова., Н.Г. Давыдова [19] іспетті ғалымдардың оқу құралдары методикалық әдіснама есебінде қарастырылды.

Сонымен қатар түрлі ғылыми-зерттеу журналдарындағы жекелеген мәселелерге арналған мақалаларғы пікірлер де ескерілді. Соның ішінен біздің тақырыбымызға тікелей немесе жанама қатысы бар мына еңбектерді атап өтілді: Louise Phillips, Anabela Carvalho and Julie Doyle «Citizen voices : performing public participation in science and environment communication» [20], Neuzil Mark «The environment and the press: from adventure writing to advocacy» [21], Julie Doyle «What's the environment got to do with Media Studies?': exploring the possibilities and challenges for curriculum development in higher education» [22]. Мұнда баспасөздегі экологиялық тақырыптың қамтылуы әр қырынан, әр аспектіде, шағын мазмұндық ауқымда қарастырылған. Бұл басылымдармен біз АҚШ-тың Колумбия университетінің кітапханасында танысуға мүмкіндік алдық. Еңбектердің толық мәліметі ғылыми еңбектің соңындағы әдебиеттердің тізімінде көрсетілген. Бұған қосымша шет ел ғалымдарының интернет желісіндегі еңбектері де деректік көзі ретінде пайдаланылды. Бұл арада scopus.com, jstor.org пен Колумбия университетінің CLIO атты электрондық базасын ерекше атап өткіміз келеді.

Ал Қазақстандық БАҚ жүйесіндегі экологиялық тақырыптың қамтылу тарихы, даму жолы, бүгінгі жай-жапсары және оның теориялық қисындары – бұрын арнайы ғылыми еңбек деңгейінде қарастырылмаған мүлдем тың сала болып табылады. Сондықтан да басты мағлұмат (объект) ретінде Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері [23], Қазақстан Республикасының құқықтық заңдар мен актілер жинағы [24], үкіметтік қаулы, қарарлар, ведомстволық бюллетеньдер – дерек көзі ре-

тінде қарастырылды. Ал экология мәселесі бойынша Ә.С. Бейсенова [25], Г.С. Оспанова, Г.Т.Бозшатаева [26], К. Бозтаев [27], В.П.Карибжанова [28-29], Б.Карибжанова [30], К.И.Исламова [31], А.Ә. Рамазанова [32], А.А. Құрманбаева [33] сияқты ғалымдардың экология, экологиялық аймақтар, экологиялық тәрбие, әдеби шығармалардағы экологиялық тақырыптың игерілуі туралы еңбектері назарға ілінді. Ғылыми конференциялар мен дөңгелек стол материалдары берілген ғылыми жинақтар мен журналдарда жарияланған еңбектерге де шолу жасалды.

Сонымен қатар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтің «Глобальная энергетическая стратегия устойчивого развития в XXI веке» [34], «Стратегия ресурсосбережения и переход к рынку» [35] атты кітаптарындағы мемлекеттік экологиялық саясат жөніндегі саралы ұстанымдары мен пікірлері зерттеуімізге тиісті бағыт-бағдар беріп, оның тәжірибелік қолданымының аясын кеңейткенін ерекше атап өткіміз келеді.

Зерттеу жұмысының хронологиялық мерзімі. Экология тақырыбымен тікелей астасып жатқан ұлттық сана және экологиялық мәдениет пен тәрбие, бүгін де ықпалы жойылмаған, көптеген тақырыптардың пафосы мен мазмұнын анықтап беретін, әсіресе, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың қозғаушы күшіне айналып отырған тарихи факторлар қамтылды. Бұл басылымдардағы көшпелілер әлеміндегі табиғатты аялауға тәрбиелейтін танымдық ұғымдар, табиғат пен адам арасындағы байланысты тепе-тең қалпында сақтауға бағытталған түрлі ырымдар мен нанымдар, тиымдар мен дәстүрлі тәрбие мәселелері, сондай-ақ қоғамдық өмірде табиғи қазынаны сақтауға, экологиялық апатты болдырмауға бағытталған «Яса», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті жарғы», Қарамола сиясында Абайдың қатысуымен 1885 жылы қабылданған «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесінде» [59], «Ақ шом» деп аталған ұлы сахардағы экономикалық көш жолы бойындағы табиғи тепе-теңдік пен табиғат байлығын ұқыпты пайдалану, оны бұзуға тиым салатын заң баптары туралы барынша кең әрі жан-жақты мағлұматтар берілді. Ұлттық экологиялық танымдар, уақыт пен кеңістіктің шегіне қарамастан, бүгінгі журналистика саласында көркем оймен үстемелей жеткізіліп, оның мазмұндық дәрменін арттыруда ұтымды пайдаланылатыны атап көрсетілді. Қазақ публицистикасындағы

дәстүрлі жалғасын тауып келе жатқан бұл үрдіс – төл баспасөзіміздің көркемдік ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Зерттеудің эмпирикалық негізінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде жарық көрген «Дала уалаятының газеті» (1888-1902 жж.) [36-39], «Қазақ» (1913-1918 жж.) [40], «Сарыарқа» (1917-1918 жж.) [41-42] газеттері мен «Айқап» (1912-1914 жж.) [43], «Абай» (1917-1918 жж.) [44], «Шолпан» (1922-1923 жж.) [45-46], «Жас Түркістан» (1929-1939) [47-48], «Сана» (1923-1924 жж.) [49], «Тан» (1924-1925 жж.) [50-51] журналдарына, Ә.Бөкейхановтың [52], А.Байтұрсынұлының [53-54], М.Дулатовтың [55], Ж.Аймауытовтың [56], Т.Шонановтың [57], Ж.Сұлтанбековтің [58] мақалалары мен зерттеулеріне зер салынды. Сондай-ақ, тәуелсіз Қазақстандағы БАҚ жүйесінің дерлігі қарастырылды. Соның ішінде, республикалық «Егемен Қазақстан» (Қосымша В) «Ұлан» [60], аймақтық «Черный Алматы» (Қосымша Г), «Мой город» (Өскемен) [61] газеттеріндегі жарияланымдардағы аймақтық аспектілерге нақты мәтіндік талдау жасалып, солардың түпкілікті нәтижелеріне сараптама жүргізілді. Ресми мекемелер мен қоғамдық экологиялық ұйымдардың сайттарындағы экологиялық мағлұматтар да кенінен пайдаланылды. Осының барлығы ғылыми тақырыптың зерттелу деңгейінің аясын танытады.

Қазақстандағы қазіргі таңда қалыптасқан экологиялық апатты аймақтар мен күрделі жағдайлардың басты себепкері – «табиғаттың бермесін тартып алу» науқанын жетпіс жылдан астам бойы жүргізген социалистік қоғам. Сол қоғамның идеологиялық қаруына айналған партиялық баспасөз құралдары таусылмайтын бесжылдық жоспарлар мен табиғи ортаның ерекшеліктерімен санаспайтын алып екпінді құрылыстарды, тың көтеру науқанын, Сырдария, Амудария, Ертіс, Іле сияқты өзендердің суын мақта мен күріш алқабына мөлшерсіз пайдалануды «социалистік қоғамның жетістіктері» ретінде белсенді түрде насихаттады. Тек алпысыншы жылдардың басында ғана табиғи ортаны қорғау туралы пікір шаң бере бастады. Жетпісінші жылдары ғылыми ортада жоба ретінде талқыланды. Ал сексенінші жылдардың аяғында Арал теңізінің құрып кету қаупі төнгенде ғана Ертіс өзенін Аралға бұру, Дегелендегі атом бомбасының сынақ полигонын жабу туралы мәселе республикалық баспасөздерде ашық көтерілді. «Арал» (Қосымша Ә), «Семей – Невада»

(Қосымша Б) Сонымен қатар республикалық «Табиғат», «Атамекен» сияқты жалпыхалықтық бейресми ұйымдар құрылды. Міне, осындай кенестік қысым жағдайында жарияланған баспасөздегі экологиялық қауіп-қатер жөнінде басылымдарға шолу жасамай, «Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілген экологиялық мәселе туралы және оның аймақтық аспектілері мен аймақтық баспасөзі» жөнінде толық пікір қалыптастыру мүмкін емес. Аса ауқымды уақыт мерзімі мен кең көлемді қамтитын кенестік казак баспасөздеріндегі қоршаған ортаны қорғау тақырыбының қамтылу аясы жүйеленген тұжырымды шолу ретінде берілді.

Зерттеудің негізгі арқауы экологиялық тақырыпқа арналған жарияланымдар және олардың қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешудегі ықпалы болып табылады.

Кез-келген табиғи экологиялық апат себепсізден-себепсіз тумайды. Оның ар жағынан қашан да әсіре науқаншыл қоғамның, қалайда экономикалық үстемдік танытуға жаныққан мемлекеттік биліктің, белгілі бір мүддеден туындайтын саяси және идеологиялық қысымның, табыс иелерінің тұтыну пиғылының «сұқ саусағы» қылтиып тұрады. Мұндай мысалдарға ХХ ғасырдың бірінші жартысында «сауданы сауғандардың» мұқым құрлықты апатқа ұшырата жаздаған солтүстік Америкадағы Канада жерінің жаппай тозанға айналуы мен Оңтүстік Америкадағы «сары маусымды» еске алсақ та жеткілікті. Бұл қасіретті казак жері де басынан кешірді. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңы мен алпысыншы жылдардың басында Еуразия кеністігіндегі ауа райына кәдімгідей қауіп төндірген, «тың көтеру» деген әсіре науқанмен топырақ қабаты жұқа жартылай шөлейтті казак даласын «құмды боранға» айналдырды. Алып аймақты қамтыған жер эрозиясының қауіпті салдары әлі де мүлдем жойылып кеткен жоқ. Аталған үш құрлықтағы үш трагедия да сол жағырапиялық ендік пен белдеудің табиғи болмысы мен оны өндірістік деңгейде игеруде қалыптасқан дәстүрлі тұтыну жүйесінің шұғыл әрі берекесіздікпен талан-таражға салуының, жергілікті халықтың заманалар бойы қалыптасқан өмір сүруіне кепілдік беріп келген табиғи тепе-теңдікті, сол арқылы тірішілік ырыздығын жаны ашымастардың құныға бұзуының кесірінен орын алған болатын.

Жалпы қасан идеологиялық қысым мен бақылау астында болған және Қазақстанда туындап отырған қазіргі экологиялық

апатты тудырған кенестік қоғам тұсында казак баспасөзінің жоғарыдағыдай апатты болдырмау, оның алдын алу, табиғатты дәстүрлі деңгейде мөлшермен игеру туралы пікір қалыптастыра алатындай мүмкіндігі болмады. Болса да, негізінен шара қолдануға ықпал етуден көрі, «өндірістік-коммунистік қарым-қатынастың» ықпалымен кетіп, «табиғаттың бермесін тартын алуды» бірыңғай ұран сипатында насихаттады. Оның үстіне, бұл саяси науқандар «жаппай коллективтендіру» тұсында тұқым ұзу (геноцидтік) пиғылын ұстанып, «тың көтеру» – табиғатты бағындыру, оның байлығын экономикалық тұтыну, өнеркәсіпті шоғырландыру мақсатында ғана емес, сонымен қатар жергілікті ұлтты бағындыру, ассимиляциялау, идеологиялық және рухани тәуелді ету сияқты отаршыл жазалау бағытындағы саяси шара ретінде жүргізілді. Демек, бұл тақырыптың тарихи тамырын ашпай бүгінгі казак қоғамы мен қоғам мүшелерінің экологиялық көзқарасы мен экологиялық мәдениетінің қалыптасуын түсіндіру мүмкін емес.

Зерттеу мақсаты. Тұңғыш рет зерттеу объектісі етіп алынып отырған казак баспасөзіндегі экологиялық тақырыптың қамтылуын саралау арқылы бұл зардаптардың тарихи себеп-салдарын ашып, оған баға бере отырып, бүгінгі атқарылып жатқан және ертеңгі күні жүзеге асырылуға тиісті шараларды саралау – зерттеудің басты мақсаты болып саналады.

Сондай-ақ, «толық мәдениетті жеке тұлға айқын географиялық және экологиялық сана-сезімге, планетарлық сана-сезімге, сонымен қатар туған өлке, кіші отан, туған жер, туған ошаққа деген махаббатқа ие болуы тиіс. Мұндай сана-сезімді қалыптастыратын ілімнің бірі – экологиялық білім» [62]. Ол ноосфералық экологиямен, отандық экологиямен тығыз әрі пәрменді байланыста қарастырылады. Әлемдік экологияның күрделі мәселелерін кіші отандағы мысалдар арқылы сезіндіру, немесе кіші отандағы «кішкене» мәселе арқылы әлемдік экологиялық дағдарысты сезіндіру, тек қана экологтардың, педагогтардың міндеті емес, бұл баспасөздің де тікелей міндеті болып табылады. Өйткені, тек қана аталған мамандар ғана табиғат пен табиғат құндылықтарына деген жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттерді өз беттерінше қамтамасыз ете алмайды.

Рухани-экологиялық тәрбиенің пәрменді көзі болып табылатын бүлдіршіндер мен жеткіншектерге арналған басы-